# ТҮСІНІК ХАТ

« Ақтан жырау негізгі мектебі» КММ бастауыш, негізгі орта білім беретін білім мекемесі.

Ақтан жырау негізгі мектебінде барлығы - 32 оқушы бар. Ақтан жырау негізгі мектебінің мектепалды даярлық сыныбында - 1 оқушы бар. Оқыту қазақ тілінде жүргізіліп, ІІ ауысымда оқытылады.
Класс комплектілер саны -9/5
Бастауыш білім беру деңгейінде класс комплекті саны – 4/2
Негізгі орта білім беру деңгейінде класс комплекті саны -5/3

**«Ақтан жырау негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022- 2023 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспары:**

Үлгілік оқу жоспарындағы өзгерістер: 1 сыныптар үшін - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері, оқытылады

1. ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

1.1. Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері 2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

–«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

–«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы); – «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

– «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы).

1) ***1-4- сыныптарда білім беру процесі:***

✔ Қазақстан Республикасы Білім және Оқу –ағарту министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына №1 қосымша Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары

2) ***5-9-сыныптарда білім беру процесі:***

✔ «ҚР бастауыш, Білім және Оку –ағарту министрінің 2012 жылғы 8қарашадағы №500 бұйрығына №6 қосымша Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

***Бастауыш білім беру деңгейі***

2022-2023 оқу жылында 1-4 сыныптарға ҚР МЖМБС-2015 сәйкес жаңартылған білім мазмұны бойынша пәндер оқытылады. Жұмыстық оқу жоспарында 1-4-сыныптарға арналған оқу пәндері инвариантты компонентте 6 білім салаларына бөлінген: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру». Еліміздің жалпы білім беру ұйымдарының бастауыш мектептерінде оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

«Тіл және әдебиет» білім саласы – «Әліппе, Ана тілі», «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі» пәндерін қамтиды. «Математика» білім саласына – «Математика» , «Цифрлық сауаттылық» пәндері, «Жаратылыстану» білім саласына- «Жаратылыстану» пәні, «Адам және қоғам» білім саласына – «Өзін-өзі тану» және «Дүниетану», «Технология және өнер» білім саласына – «Музыка», «Еңбекке баулу» «Көркем еңбек» пәндері, «Дене шынықтыру» білім саласына – «Дене шынықтыру» пәні кіреді.

2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беру деңгейіндегі ерекшеліктердің бірі – 1-сыныпта әліппеге дейінгі кезең және әліппе кезеңі «Әліппе» пәні, әліппеден кейінгі кезең «Ана тілі» пәні арқылы жүзеге асады.

«ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығының 14-тармағында бастауыш сыныптағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің атауы «Цифрлық сауаттылық» болып өзгертілді. Пән мазмұны мен оқу жүктемесі өзгертілген жоқ.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілді). «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1-сыныпта 2023 жылдың 1 қаңтарынан енгізіледі. 2022-2023 оқу жылында 2,3,4-сыныптарда «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 2022 жылдың 1 қыркүйегінен оқытылады.

Мектеп құрылымы:

Бастауыш саты (1-4 кластар) теориялық ойлау элементтерімен, өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі түзету арқылы тәртібі мен мәдениетін қалыптастырады. Апталық сағат саны- 58,5 сағат. **Вариативтік компонент негізінде барлығы -2 сағат алынған.**

***Негізгі орта білім беру деңгейі***

2022-2023 оқу жылында 5-9 сыныптарға ҚР МЖМБС-2016 сәйкес жаңартылған білім мазмұны бойынша пәндер оқытылады. Жұмыстық оқу жоспарында 5-9 сыныптарға арналған оқу пәндері инвариантты компонентте 6 білім салаларына бөлінген: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру». «Тіл және әдебиет білім саласына «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі» (ағылшын тілі) пәндері, «Математика» білім саласына «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Информатика» пәндері, «Жаратылыстану» білім саласына «Жаратылыстану», «География», «Биология», «Физика», «Химия» пәндері кіреді. «Адам және қоғам» білім саласына «Дүние жүзі тарихы» , «Қазақстан тарихы», «Өзін-өзі тану» пәндері, «Технология және өнер» білім саласына «Музыка», «Көркем еңбек» пәндері, «Дене шынықтыру» білім саласына «Дене шынықтыру» пәні кіреді.

2022-2023 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің 5-9 сыныптарында 2022-2023 оқу жылында мектептердің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсын таңдауға немесе басқа да элективті курстарды өткізуге болады. Аталған курс білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. «Жаһандық құзыреттіліктер» (аптасына 1 сағат) курсына: 5- 6-сыныпта «Экология және біз»,7-сыныпқа «Химия және өмір» (аптасына 0,5сағат) курстары таңдалды,9-сыныпта қолданыстағы «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің бағдарламаларымен оқыту жалғастырылады.

«Өмір қауіпсіздік негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесін дене шынықтыру мұғалімнің оқытуымен іске асырылады.

«Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда аталған оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда сынып сағаты есебінен әрбір сыныптарда 10 сағат көлемінде іске асырылады.

Мақсаты: қазіргі әлемді оқу барысында оқушылардың жан-жақты экономикалық-географиялық білім алулары, функцияналдық сауаттылықты тереңдету және оқушылардың бейінді-кәсіби бағытын анықтау. Міндеттері: алдыңғы сыныптарда оқылған жалпы географиялық заңдылықтар туралы білім, ұғымдар мен идеялардың негізінде ғаламшар табиғатының біртұтастығы туралы білім және көзқарасты одан әрі дамыту; дүниежүзі саяси картасы және дүниежүзілік шаруашылықтың қалыптасу кезеңдерін оқып-білу үдерісінде саяси, географиялық білімнің қалыптасуын жалғастыру; табиғат және қоғамның өзара байланысын оның қазіргі даму кезеңі негізінде, қоршаған ортаны қорғау және тиімді пайдаланудың маңызын, Қазақстан және әлем деңгейінде тұрақты даму проблемаларын географиялық тұрғыдан түсіну; әлеуметтік-экономикалық, геоэкологиялық үдерістер мен құбылыстарды сипаттау және талдау үшін ғаламдық, аймақтық және жергілікті жағдайларды үйлесімді пайдалану біліктілігін меңгерту; картографиялық және басқа да мәліметтерді өздігінен өңдеу және түсіндіру дағдыларын меңгерту; жоғары патриоттық сезімді, Қазақстан Республикасының Конституциясын құрметтеуге, белсенді азаматтық, өмірлік ұстанымды тәрбиелеу. Мектептің оқу жоспарына сәйкес оқыту барысында білім алушылардың ой өрісі дамыған, заман талаптарына сай бейімделеді деп күтілуде.

Ақтан жырау негізгі мектебінің педагогикалық кеңесі
№1 хаттама 31 тамыз 2022 жыл

Мектеп директоры: А.Абишова

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы «3» тамыздағы
№ 348 бұйрығына 3-қосымша

**Мектепалды даярлық сыныбына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)**
**2022-2023 оқу жылы**

| № | Сабақ түрі | Аптасына өткізілу жиілігі | Аптадағы нормативтік жүктеме |
|---|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | | 3 |
| | Дене шынықтыру*** | күн сайын | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту | | 2 |
| | Көркем әдебиет | | 2 |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті | күн сайын | |
| | Қазақ тілі | | 2 |
| | Қазақ тілі*** | күн сайын | |
| 3 | Сауат ашу негіздері | | 3 |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет | күн сайын | |
| 4 | Математика негіздері | | 3 |
| | Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | күн сайын | |
| 5 | Қоршаған ортамен танысу | | 2 |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті | күн сайын | |
| 6 | Сурет салу | | 1 |
| | Мүсіндеу | | |
| | Жапсыру | | |
| | Құрастыру | | |
| 7 | Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | күн сайын | |
| | Музыка | | 2 |
| | Музыка *** | күн сайын | |
| | Барлығы | | 20 |

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы «12» тамыздағы
№ 365 бұйрығына 1-қосымша

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары**

| № | Білім салалары және оқу пәндері | 1 | 2 | 3 | 4 | Аптал | Жылд. |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | біріктірілген | | | | |
| | **Инварианттік компонент** | | | | | | |
| I | **Тіл және әдебиет** | **6** | **11** | **11** | **11** | **17** | **606** |
| 1 | Әліппе, Ана тілі | 6 | - | - | - | 6 | 210 |
| 2 | Қазақ тілі | - | | 4 | | 4 | 144 |
| 3 | Әдебиеттік оқу | - | | 3 | | 3 | 108 |
| 4 | Орыс тілі (Я2) | | | 2 | | 2 | 72 |
| 5 | Ағылшын тілі | | | 2 | | 2 | 72 |
| II | **Математика және информатика** | **4,5** | **5** | **6** | **6** | **20,5** | **733,5** |
| 6 | Математика | 4 | 4 | 5 | 5 | 18 | 644 |
| 7 | Цифрлық сауаттылық | 0,5 | 1 | 1 | | 2,5 | 89,5 |
| III | **Жаратылыстану** | **1** | **1** | **2** | **2** | **6** | **215** |
| 8 | Жаратылыстану | 1 | 1 | 2 | 2 | 6 | 215 |
| IY | **Адам және қоғам** | **1** | | **1** | | **2** | **71** |
| 9 | Дүниетану | 1 | | 1 | | 2 | 71 |
| Y | **Технология және өнер** | **3** | | **2** | | **5** | **177** |
| 10 | Музыка | 1 | | 1 | | 2 | 71 |
| 11 | Көркем еңбек | | | 1 | | 1 | 36 |
| 12 | Еңбекке баулу | 1 | | | | 1 | 35 |
| 13 | Бейнелеу өнері | 1 | | | | 1 | 35 |
| YI | **Дене шынықтыру** | **3** | | **3** | | **6** | **213** |
| 13 | Дене шынықтыру | 3 | | 3 | | 6 | 213 |
| **Инварианттік оқу жүктемесі** | | **18,5** | | **38** | | **56,5** | **2015,5** |
| Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар | | 1 | | 1 | | 1 | 71 |
| Қызықты математика | | 1 | | | | 1 | 35 |
| Көркем жазу | | | | 1 | | 1 | 36 |
| **Вариативтік оқу жүктемесі** | | **1** | | | | | |
| **Ең жоғарғы оқу жүктемесі** | | **19,5** | | **39** | | **58,5** | **2086,5** |

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы «12» тамыздағы
№ 365 бұйрығына 6-қосымша

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары**
**2022– 2023 оқу жылы**

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптарбойыншаапталықсағат саны | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 5 | біріктір | 6 | Апт. | Жылд. |
| **Инварианттік компонент** | | | | | | |
| **I** | **Тіл және әдебиет** | **11** | | **11** | **16** | **576** |
| 1 | Қазақ тілі | 3 | | 3 | 6 | 216 |
| 2 | Қазақ әдебиеті | 2 | | 2 | 4 | 144 |
| 3 | Орыс тілі мен әдебиеті | | 3 | | 3 | 108 |
| 4 | Ағылшын тілі | | 3 | | 3 | 108 |
| **II** | **Математика және информатика** | **6** | | **6** | **12** | **432** |
| 5 | Математика | 5 | | 5 | 10 | 360 |
| 6 | Информатика | 1 | | 1 | 2 | 72 |
| **III** | **Жаратылыстану** | **2** | | **2** | **4** | **144** |
| 7 | Жаратылыстану | 2 | | 2 | 4 | 144 |
| **IV** | **Адам және қоғам** | **3** | | **3** | **4** | **144** |
| 8 | Қазақстан тарихы | | 2 | | 2 | 72 |
| 9 | Дүние жүзі тарихы | 1 | | 1 | 2 | 72 |
| **V** | **Технология және өнер** | **3** | | **3** | **3** | **108** |
| 10 | Музыка | | 1 | | 1 | 36 |
| 11 | Көркем еңбек | | 2 | | 2 | 72 |
| **VI** | **Дене шынықтыру** | **3** | | **3** | **3** | **108** |
| 12 | Дене шынықтыру | | 3 | | 3 | 108 |
| **Инварианттік оқу жоспары** | | **28** | **42** | **28** | **42** | **1512** |
| Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | | **0,5** | | **0,5** | **1** | |
| Экология және біз | | | 1 | | | 36 |
| Элективті курстар | | - | | - | | |
| Вариативтік оқу жүктемесі | | 0,5 | | 0,5 | | |
| **Ең жоғарғы оқу жүктемесі** | | **28,5** | **43** | **28,5** | **43** | **1548** |

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы «12» тамыздағы
№ 365 бұйрығына 6-қосымша

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі білім берудің үлгілік оқу жоспары 2022– 2023 оқу жылы**

| | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 7 | бірікт | 8 | 9 | Ап. | Жылд. |
| | **Инварианттік компонент** | | | | | | |
| **I** | **Тіл және әдебиет** | **11** | | **11** | **11** | **27** | **972** |
| 1 | Қазақ тілі | 3 | | 2 | 2 | 7 | 252 |
| 2 | Қазақ әдебиеті | 2 | | 3 | 3 | 8 | 288 |
| 3 | Орыс тілі мен әдебиеті | | 3 | | 3 | 6 | 216 |
| 4 | Ағылшын тілі | | 3 | | 3 | 6 | 216 |
| **II** | **Математика және информатика** | 6 | | **6** | **6** | **17** | **612** |
| 6 | Алгебра | 3 | | 3 | 3 | 9 | 324 |
| 7 | Геометрия | 2 | | 2 | 2 | 6 | 216 |
| 8 | Информатика | | 1 | | 1 | 2 | 72 |
| **III** | **Жаратылыстану** | **7** | | **8** | **8** | **21** | **756** |
| 9 | Биология | | 2 | | 2 | 4 | 144 |
| 10 | Физика | 2 | | 2 | 2 | 6 | 216 |
| 11 | Химия | 1 | | 2 | 2 | 5 | 180 |
| 12 | География | 2 | | 2 | 2 | 6 | 216 |
| **IV** | **Адам және қоғам** | **4** | | **4** | **5** | **7** | **252** |
| 13 | Қазақстан тарихы | | 2 | | 2 | 4 | 144 |
| 14 | Дүние жүзі тарихы | | 1 | | 1 | 2 | 72 |
| 15 | Құқық негіздері | - | - | - | 1 | 1 | 36 |
| **V** | **Технология және өнер** | **1** | | **1** | 1 | **2** | **72** |
| 17 | Көркем еңбек | | 1 | | 1 | 2 | 72 |
| **VI** | **Денешынықтыру** | 3 | | **3** | **3** | **6** | **216** |
| 18 | Денешынықтыру | | 3 | | 3 | 6 | 216 |
| **Инварианттік оқу жоспары** | | 31 | 47 | **32** | **33** | **80** | **2880** |
| Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | | 0,5 | | **0,5** | | | |
| Химия және өмір | | 0,5 | | | | | 18 |
| Математика әлемі | | | | 0,5 | | | 18 |
| Зайырлылық және дінтану негіздері | | | | | 1 | 1 | 36 |
| Вариативтік оқу жүктемесі | | 0,5 | | 0,5 | | | |
| **Ең жоғарғы оқу жүктемесі** | | 31,5 | 48 | **32,5** | **34** | **82** | **2952** |

Нөмірленген: 8 бет
Шнурланды

«Келісемін»
Байғанин аудандық білім бөлімінің
басшысы __________ М. Қ. Дыбысов
«  » ______________ 2022 жыл

«Бекітемін»
Директоры __________ А. Абишова
«31» тамыз ______ 2022 жыл

# «Ақтан жырау негізгі мектебі» КММ 2022 – 2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары

2022 – 2023 оқу жылы